



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТИ

ДАБЫЛ!

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі **Тамара Дүйсенованың**,
Білім және ғылым министрі **Асхат Аймағамбетовтың**

НАЗАРЫНА

МЕКТЕП ЖАБЫЛАДЫ ➔ ЖҰМЫС ТОҚТАЙДЫ ➔ ЕЛ КӨШЕДІ



қытыятын ауылдар көбейіп барады. Әсіресе, солтүстікте бұл көрініс, тіпті қою. Тұтастай ауыл көшіп, жұрты қалған жайды көргенде көңілің құлазиды.

Мемлекет осы мәселені оңтайлы шешу мақсатымен «Еңбек» бағдарламасының аясында оңтүстіктен солтүстікке көшу жайын қолға алған-ды. Оң мен теріс қатар өрілетіні секілді, ақжолтай бағдарламаның басы жақсы басталып, көші көшелі болғанымен, түйткілді мәселелері де қатар шығып жатыр. Оңтүстіктен көшкен жанның бірі – Нұргүл Пазылбековамен сұхбаттасу барысында қоныс аударудың шарапатынан гөрі, машақаты тұрасында көбірек

Қазақ «елсіз дала – емсіз жара» деп тегін айтпаған. Тоқсаныншы жылдардың басындағы тоқырауда, одан кейінгі урбанизациялық көшпе ауылдық елді мекендерден қалаға қарай үдере ағылу толастаған жоқ. Соның салдарынан ауылдардың арасы арса-арса ашылып, көшенің бойында сап түзеген үйлер селдіреп, алжыған атанның тісіндей әр төбеде бір шаңырақтан

айтылды. Биліктегілер, кешке жауапты құзырлы мекемелердің тізгінін ұстаушылар күнгейден теріскейге керуенін түзеп келіп жүгін жығып, шаңырағын тігіп, қоныс тепкен ағайынның айтқан базынасын оңынан шешіп береді деп сенеміз.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша өткен жылы телекоммуникация нарығының көлемі 2020 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 12,9 пайызға өсті. Ашық көздерден алынған деректер бойынша осы кезеңде отандық байланыс операторлары 1,12 трлн теңгеден астам пайда тапты. Нарық алғаш рет 1 трлн теңге белгісін еңсерді.

Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты:

САПАНЫ СӨЗБЕН ЕМЕС, ІСПЕН ЖАҚСАРТУ КЕРЕК



Мобильді интернет жылдамдығы бойынша жаһандық рейтингте Қазақстан бір жыл ішінде 21 орынға көтеріліп, 80-орынға ие болды. Жыл басынан бері Қазақстанда тіркелген интернеттің орташа жылдамдығы бір жыл ішінде секундына 50,74 Мбиттен 2021 жылғы қазанда секундына 62,04 Мбитке дейін өсті. Бұл Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

Өкінішке қарай, түрлі рейтингтердегі жоғары орындарға, әсерлі көрсеткіштерге қарамастан, Қазақстан халқы сапалы және жылдамдығы жоғары интернетке қол жеткізуде белгілі бір қиындықтарды бастан кешуде, ал кей жерлерде оны пайдалану мүмкіндігі мүлде жоқ.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮЙТКІЛ

КӨЛІК ТҰРМАҚ, САЙТАН ДА ЖОҚ!

(Утилизациялық алым деген сылтаумен халықтың қалтасын қағып алған миллиардтаған қаражат қайда кетіп жатыр?)

Жеңілдетілген автонөсиенің «болғанынан боладысы» қызық болып тұр. Сәуірдің аяғында іске қосылуы тиіс мемлекеттік бағдарлама әлі басталған жоқ. Есесіне, «Қазақстанда құрастырылған көліктерді сатып алуға 100 миллиард теңге бөлінеді» дегенді естіген автоөндірушілер көлік бағасын аспандатып жіберді.

(Жалғасы 4-бетте)



АҚЖОЛТАЙ

АУЫЛДЫҢ АТАУЫ ҚАЗАҚШАЛАНДЫ

Батыс Қазақстан облыстық әкімдігінің қаулысы және облыстық мәслихат шешімімен бірнеше елді мекеннің атауы былай өзгерді:

Погодаев – БЕЙБІТШІЛІК
Котельников – СЫРЫМ БАТЫР
Железнов – АТАМЕКЕН
Новенький – ҚАЙНАР
Чеботарев – ҚҰРМАНҒАЗЫ
Хамин – АМАНАТ
Карпово – ТЫНДАЛА
Федоровка – ТЕРЕКТІ



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
105,09

DOLLAR
440

EURO
458

РУБЛЬ
5,9

20



БАТУМИ. ЖАРҚЫН СӘТТЕРГЕ
БАҒЫТ АЛДЫҚ

air astana

